

АҚМЕШІТ

жастары

Жаннан қымбат оларға ар.
Мен жастарға сенемін.

Магжан



№ 27 (460)
09 шілде, 2022 жыл

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Балалар әдебиеті жылының» ізін жүргізетін, 2022 жылды өмімізде «Балалар жылы» деп жариялаған болатын. «Қазақстанның жарқын болашағы өз қолымызда, яғни ел тағдырына бейжай қарамайтын, нағыз отаншыл, ниеттес, мүдделес азаматтардың қолында. Мен Мемлекет басшысы ретінде ескелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Балаларға ерекше назар аудару керек.

лицейінің оқушысы Роза Арыстанбекова иемденді. Ал II және III орын иегерлеріне жанашыр көсілер, қаладағы «BIALI Sport» дүкенінің иесі Асхат Шаукенбаев демеушілік жасап, спорттық дүкеннің сертификаттарын сыйлады. Байқауға қазылық еткен «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары, журналист Айжан Абдуллаева: «Балаларға арналған қазақша сапалы контент, ертегілердің болуы – уақыт талабы. Өйткені баланың болашағы балалық

«АЛТЫН САҚА»



Себебі олардың амандығы – мемлекеттіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан келесі жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек. Бұл жылды тек ұрандатып немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, ең алдымен білік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында балаларды қорғау мақсатында нақты іс-шаралар жасалуы керек. Ескелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз, – деді Мемлекет басшысы.

Ерекше бастаманың аясында бірқатар шаралар қолға алынып, маңызды мақсаттар іске асуда. Осы орайда облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай білім алушылар арасында «Алтын сақа» ертегілер байқауын жариялаған болатын. Атаулы жыл аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамытуды мақсат еткен аталған ертегі бәйгесіне өңір бойынша 40-тан астам мектеп оқушысы мен колледж студенттері қатысты. Ережеге сай қатысушылардың материалдары 30 наурыздан бастап 20 мамырға дейін қарылданды.

Жақында шығармашылыққа қадам басам деген жастардың мерейі үстем болды. Байқау қорытындысы шығып, кішкентай жеңімпаздар марапат төрінен табылды. Жүлделі I орынға «Orda school» жеке мектебінің оқушысы Айназ Икраш лайық деп танылды. Оған «AKRAY PARK» ойын-сауық орталығының алғашқы лагеріне жолдама табысталды. Жолдама аясында жеңімпаз 10 күн келімінде түрлі шығармашылық кештерге, аспаздық, хореография, этика, ораторлық шеберлік секілді қызықты шеберлік сабақтарына қатыса алады. Сонымен бірге ойын-сауық бағдарламалары да қамтылған.

Жүлделі II орын Қазалы ауданы, Қожабақы ауылы №25 мектептің 7-сынып оқушысы Төлген Мәделханұлына берілсе, III орынды С.Сейфуллин атындағы №4 IT мектеп-

Балалар әдебиеті – ұлттық мәдениеттің мәйегі, құндылықтардың адастырмас темірқазығы. Балалар тақырыбына тереңнен бойлап жүрген қаламгерлер қатары аз емес. Алайда жастар мен жасөспірімдер арасында насихат өлі де аз, қалам тербел жүргені некен-саяқ.

АЯҚТАЛАДЫ

қиялынан, кішкентай кездегі ойынан қалыптасады. Осы орайда «Ақмешіт жастары» газеті ұйымдастырған байқаудың орын ерекше. Байқауға келген материалдарды қарап отырып, әр баланың өзінше талантты екенін, ешкімге ұқсамайтын өзіндік қиялы бар екенін байқадық. Қаншама жақсы дүниелерді оқыдық. Сондықтан мұндай байқаулар тек «балалар жылымен» шектеліп қалуы керек. Ұйымдастырушыларға да, қатысушыларға да алғыс!» – деді.

Сонымен бірге ертегілер байқауына қатысып, өздерінің ерекше идеясымен, жазу қабілетімен көзге түскен қатысушыларға Алғыс хат табысталды. Алғыс хат иелеріне «Ағару Ақуарат» кешені сута тусуға арналған тегін сертификаттарды табыс етті. Өзгеден озық қатысушылардың қатарында М.Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейдің оқушысы Кенжебек Шәдібай, №5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицей оқушысы Рахима Ахмадулла, №43 Ж.Маханбетов атындағы мектептің 6-сынып оқушысы Сезім Сәбит, №5 мектеп-лицейден Жаннұр Қоңбай, №176 орта мектептің оқушысы Нұрайым Уәлиханқызы, «Orda school» жеке мектебінің оқушысы Бағдаулет Жолдас, №212 мектеп-гимназиядан Аружан Тұрғанбаева, №217 Б.Шалғынбаев атындағы IT лицей-мектебінің оқушысы Аружан Өмірбай, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінің студенті Айша-Бибі Қыдырбек пен Қазалы ауданы, Шилі ауылындағы №259 мектептің оқушысы Рамазан Қалданов бар. Жеңімпаздарды құттықтаймыз!

Әлем-жөлінің аясында тұрғындар тарапынан түрлі ой, жаңа идеялар туындайтыны белгілі. Жуырада фейсбук белсендісі Ботагөз Жүсіптегі күн райының күрт уысуына байланысты қала орталығына қолжетімді су қажеттігін жеткізді. Ол – су колонкалары жайлы ұсыныс. Өйткені дүкен сөресіндегі суындардың бағасы сынап бағанасы көтерілген сайын қарыштауда. Бір ұрттамы бар жарты литр судың өзі 200 теңгеге қалта қағады.

Мақсат ИСАҒАБЫЛОВ, «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы:



Қазақ күресінен бәрекеміз артты. Бұл біздің спорттағы серпініді көрсетті. Қызылордалық балуан Мақсат Исағабұлов елордада өткен «Қазақстан барысында» жеңімпаз атанды. Құнатынымыз, спорттың бұл түрінен біздің өңір үшінші мәрте тұғырға қонды. Ел болып көз тіккен додада Сыр саңлағы төрт белдесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. Қайсар рухты Мақсатпен тілдесіп, жедел сұхбат ұйымдастырдық.

– Мақсат, елорда төрінде өткен аламанда оза шапқаның құтты болсын! Адамды бақ қолдаса бір сәтте биікке самғап, беделі арта түседі. Бұл – өмір тәжірибесі. Ал сізді жеңімпаз еткен не?

– «Бақ шаба ма, бап шаба ма» дегендей, менің бағым да, бабым да айтулы аламанда сай келді. «Ешбір жарыста абырой атақ-даңқың көмектеспейді, спортшының дайындығы мықты болса, ол жеңбей қоймайды. Спортшы өзіне деген сенімді жоғалтпауы тиіс деген ұранды жадымыда жиі сақтадым. Сонымен қатар менің туып-өскен жерім – Қармақты мекені. Бұл – Қорық ата, Марал ишан, Текей батыр секілді әулие-әмбиелердің жамбасы жерге тиген құт мекені. Сол себепті қасиетті бабалардың аруағы қолдады деп ойлаймын. Бұрындары ауылды қырау мен шайырлар арқылы таныса, бүгінде балуандары туған жерін әлемге танытып жүр. Соңғы кездері ауданымызда спортқа деген көзқарас жақсарып, спортқа ынтық жастар саны күрт өсті.

– «Күш атасын танымас» деген бар. Салмақ айырмасы жер мектей бола тұрып,

олармен белдесу батылдық шығар. Меніңше, сіз бірінші мәрте топқа түскен соң қарсыластарға әдіс-айлаңыз құпия болып келді. Түйе балуандардың тартысында үміт пен күдіктің қайсысы басым тұрды?

– «Қазақстан барысы» турнирі басталмастан бұрын алдын ала салмақ өлшеу рәсімі өтті. 36 балуанның арасында бірнеше балуан менен ауыр болып шықты. Мен үшін салмағы жеңіл балуанға қарағанда ауыр салмақты балуандармен белдескен ыңғайлы. Ал айтулы аламанда бірнеше мәрте бақ сындадым. Үмітім алдамайды, осы жарысты жеңемін деп бардым. Сондай-ақ білікті бапкерлерім білгенін үйретіп, спорттағы көп жылдық тәжірибелерімнен бөлісті.

– Турнирдің бірнеше маусымына қатысып, мәртебелі додада топ жарып үлгердіңіз. Бұл абыройды сақтап қалу сіз үшін қаншалықты қиын?

– Әрине, атақты қорғап қалу оңай емес. Бұл Олимпиада чемпионы атанып, 4 жылдан соң қайтадан сол атағыңды қорғап қалумен тең десем, артық емес шығар. Себебі жыл өткен сайын «Қазақстан барысындағы» бәсекеестік артып келеді. Балуандар мақсатты түрде осы додада жеңіске жету үшін дайындалады. Демек, жеңіс ешкімге де оңай келмейді. Осы уақытқа дейін «Қазақстан барысы» титулы

бағынбай жүрді. Жеңілдім, жолым болмады екен деп жүнжіп жүру қазақ жігітіне тән емес қылық қой. Сол сияқты, ол жеңіліс маған қайрат сыйлады. «Келесі жылы осы сайыстың билігіне қалай да көтерілемін» деп өзіме уәде бердім. Мақсатым орындалды. Жеңіс бар жерде, жеңіліс те бар. Оның үстіне бүгін-ертең үлкен спорттан қол үзейін деп тұрған жоқпын. Өлі талай «Қазақстан барысына» қатысып, мықтылығымды дәлелдеймін.

– Қазақ күресі қаншалықты дамыды деп ойлайсыз?

– Қазақ күресі соңғы уақытта қарқынды даму үстінде. Себебі әлемнің көптеген елдерінде аталған спорт түрінен жарыстар өтуде. Сонымен қатар қазақ күресі Федерациясының жер-жерде бөлімшелері ашылғанынан хабардармыз. Бүгінде 40 елде қазақ күресінен федерация ашылған. Бұл төл белдесуіміздің әлемдік деңгейге көтерілгенін байқатады.

– Қатты қуанған сәтініз есте ме?

– Кешегі турнирде қатты қуанғаным рас. Өйткені бақ оңай келмейді.

– Алдағы арман қандай?

– Арман көп, аламанда атой салатындай спорттық бапты берік ұстап, ел еншісіне бағалы жүлделер салсам деймін.

– Мақсатыңызға жеттіңіз!

Сұхбаттасқан Ерасыл ШӘРІБЕК

«АТАҚТЫ ҚОРҒАП ҚАЛУҒА КҮРЕСЕМІН»

АПАТТА АРАША БОЛАР...

Иә, онтүстік, оның ішінде Қызылордада аптап ыстық алқыман алып тұр. Көпшілік көлеңке жағалап жүреді. Дегенмен шілденің шіліңгір ыстығына қарамай, күні бойы тірлігін тындырып алғанды құп көретін қызылордалықтар үшін субұрқақтар ғана жаңға сая. Қара халық үшін қалада шөл басатын бірде-бір қолжетімді орынның болмауы қынжылтады...



Жалғасы. Басы 1-бетте

Бұл – Ботагез ұсынған идеяны қолдаушылардың бірсыпырасы. Пікірлер арасында өз есебінен су тазартатын фильтр орнатып беретіндер де табылды. Тек су мәселесі шешімін тапса болғаны.

Қазгидрометтің хабарлауынша, Қызылордада шілде мен тамыз айларында 40 градустан жоғары ауа-температурасы 20 күнге созылады. Сондықтан қала тұрғындары аптап ыстықтың біраз сатысынан өтетінін жеткізіміз келеді. Қалтаны қаққан суындарға кейбір іміздің жағдайымыз жеткірмейтіні рас. Өрине, барлығының қам қарекеті әр түрлі. Аға суды талап етсе де, қаржының тапшылығынан үнемшілдік пайда болып, шөлдісек те шыдап бағатынымыз бар. Десек те мұндай жағдай жаздың жаймашуақ күндері ауруға әкеп

соқтыратынынан бейхабармыз. Медицина



мамандарының пайымдауынша, күн ыстықта адам ағзасына су жетіспесе буын шеміршектері құрғап, сырқатқа шалдығуға әкеледі. Адамның денесінде су тапшы болса қан қысымы көтеріліп, ас қорыту жүйесі бұзылып, мидың жұмысы мен есте сақтау қабілеті нашарлайды.

Comment:

Мәулен Алғазы:

– Өте дұрыс айтасыз. Сырдың жанында тұрып суға жарытпау деген масқара жоғарыдағыларға.

Гүлсім Нұрланқызы:

– Бұрын аяқ суды жыртпайтын едік. Қазір ауыз су қиын болды. Кешегі аптап ыстық күндері қасиқ суыз қалдық алаңсыз. Жазда бүкіл тіршілігің суға тірлеп тұратыны белгілі. Дала 50 градус ыстықта судың ағын сағаттап күтуге мәжбүр болдық. Қала ішіне, көшелерге орнатқаны жақсы, өрине. Бірақ, қарапайым үйімізге кіріп тұрған суды үзбей берсе тіпті жақсы. Халыққа жаны ашуы керек қой. Жөндеу жұмыстарын дәл аптап ыстықта істемесе болмай ма екен?!

Оның алдында 5 күн қатарынан күндіз жарық өшті. Холодильниктер сағаттап қосылмай тұрды. Мейлі дедік. Бірақ суызы қалдыру деген тым артық сияқты.

Aidarali Ramanov:

– Жасау қиын емес, шын халықты ойласа, Қызылорда облыс басшылары.

Жандос Тұсмағамбетов:

– Өте орынды. Түркістан қаласында бұл бастама жүзеге асырылып жатыр.

Алпан Дәйт:

– Бұрын 2000-жылдарға дейін су ағып тұрушы еді, көше қиылысындағы колонкаларда...

Көптеген ауру түрлеріне шалдығу адам бойында судың жеткіліксіздігі салдарынан болады. Мәселенің байыбына барып, қалалық өкімдікке

арқылы суға айналдырады. Ауа ылғалдылығы мен температура артқан сайын құрылғы суды көп өндіреді. Сынақ барысында құрылғымыздың

қала» жобасы рухани астанаға серпіл берген. Жаңа технологиялық нысандар күн сәулесінен қуат алатын қондырғының көмегімен жер астынан

АПТАПТА АРАША БОЛАР...

хабарластық. Дегенмен жауапты мамандар су колонкаларына қатысты қала тұрғындарын жағымды жаңалықпен қуанта алмайтынын айтты. Себебі біреу – су тапшылығы. Иә, өкімдіктің мензеп тұрған мәселесі орынды. Қазір жер бетіндегі тұщы судың қоры небәрі 3 пайызға тиесілі. БҰҰ-ның мәлімдеуінше, 2025 жылдан кейін жер бетінде ауыз су тапшылығы басты түйтілгіе айналады. Мұның алдын алу үшін үнем керек. Бұл заңдылықты біздің өкімдік әділ орында отыр. Бірақ өлемдік тәжірибе деген ұғымды ұмытпауымыз керек. Мысалы, мектеп оқушысы Ерлан Тұралы су проблемасының шешімін табу үшін Hydropanel жобасын қолға алған. Бұл қондырғы ауыз су қажеттілігін жоюға көмекші құрал. Ол ауа температурасының күрт өзгерісінен су жинайды және күн панелдері арқылы электр энергиясын өндіреді.

– Біздің құрылғымыз қолжетімді жабдықтардан тұрады және күн энергиясын булану процесі

суды жинай алатынына көз жеткіздік. Өзірге тек құрылғының шағынпрототипі жасалды. Егер оны нақты жүзеге асыратын болса, жобаның құны 2 млн теңгені құрайды және күніне бірнеше литр су жинау мүмкіндігі болады, – дейді жас зерттеуші.

Ерлан жобаны екі жыл бойы жасақтап, топқыртулар енгізіп, жобаның авторлық құқығын қорғау мақсатында өтінім білдірген.

– Болашақта бұл құрылғыны үлкейтіп жасақтап, оны мектеп алаңына және қала көшелеріне қойғымыз келеді. Бұл көшеде шөлдеп келе жатқан тұрғындарға өте үлкен көмек болар еді. Сол үшін де авторлық құқық куәлігін алдық. Алдағы уақытта жобамызды патентке де ұсынып көрміз, – дейді зияткер оқушы.

Су мәселесіне байланысты назарымызды көрші облыстарға бұрдық. Іргемізде орналасқан Түркістан облысы халық үшін жаңа жобаларды қолға алыпты. Бір жылдары сәнге айналған «ақылды

су тартып, қара халықты дән риза қылуда. Мұндай жүйе өлемдік қолданыста бар екенін айта кеткен жөн. Ал Шымкентте бұл шаруа ертеректе шешімін тауыпты. Жергілікті билік қала маңындағы Өгем өзенінің суын тазартып, ауыз суға пайдаланып, көшелерге колонкалар орнатқан. Шакарстан мен Өзбекстан шекарасындағы өзен екі ел арасында арнайы қаралып, судың белгілі бір бөлігін ауыз суға пайдалануға рұқсат берілген. Сонымен қатар жерасты суларын анықтауда Шымкент қаласында жұмыстар толастаған емес.

Қалың көпшілік қолжетімді су шаһарда орайластырылса дейді. Бірақ бұл маңызды тақырып бір-екі жылдың айналасында шешіле қоймасы анық. Ұдайы қоғам арасында талқылауды қажет ететін мәселе. Басқасын бұлай қойғанда, жас ғалымдардың креатив идеясы назарыңыз қалмау керек. Немқұрайлық өкінішке әкеледі емес пе?!

Ерасыл ШӨРІБЕК

ЖӘРМӨНКЕ ЖӨРДЕМ БОЛА МА?

Қымбатшылық қысқанда халықтың қалтасына ауыр тимейтін оңтайлы жол – ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі. Себебі жым-терім мезетінен бөлек, араға ай салып облыс орталығына келетін шалғайдағы шаруалар азық-түлік бағасын базар құныннан төмен қояды. Содан болар, аймақта жәрмеңке ұйымдастыру игі дәстүрге айналды. Бұл қала тұрғындары мен ауыл еңбеккерлері үшін тиімді өкени сөзсіз. Экологиялық таза, құнарлы да сапалы өнімдерге қол жеткізуге болады. Жаз бойы бейнеттенген шаруаның өнімді тез әрі үлкен көлемде сатуға мүмкіндік алатын тұсы да осы. Тұрғындар да азық-түлікті делдалсыз, арзан бағамен алып, азын-аулақ ақшаға үнем жасай алады. Алайда өлемдік экономиканың құбылған шағында мұндай қадам қымбатшылықтан құтылуға сеп бола ма? Жәрмеңкенің жәрдемін толық сезіну үшін не істеу қажет? Осы сауалдарды саралап көрейік.

Расында тұрақты өткізілетін жәрмеңкеге жұртшылық үйренісіп қалған. Жиналатын маң, әкелінетін өнім, алатын затқа дейін нақтылап, қалыс қалмауға тырысады. Мұндай құлшынысқа қымбатшылықпен қатар құзырлы органдар мен тиісті мекемелердің мәлімдемесі себеп болса керек. Себебі министрден бастап жағдайдың ушығатынын жасырмай, қаржы үнемдеуге кеңес беруде. Мәселен, Ұлттық банктің Ақша-кредит саясаты туралы бағандамасында да аталған мәселе ашық айтылды. Онда азық-түліктің өлемдік деңгейдегі бағасы 13-15 процентке көтерілетіні көрсетілген еді. Артынша, Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов та бағаның жаппай қымбаттауына өлемдегі инфляция ықпал ететінін жасырмады.

«Госаяси жағдайға байланысты өлемде бағаның жаппай өсуі бізге де кері ықпал етіп отыр. Өлемде жыл сайын 20 процентке азық-түлік бағасы өсті. Еуропада да 5-7 процентке дейін инфляция тіркеліп отыр. Көрсінлес елдерде де бағаның өсуі 15 процентке жетіп отыр. Бұған қоса, теңгенің 18 процентке құлдырауы бағаның қымбаттауына әсер етеді», – дейді министр.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі өзекті тақырып – қымбатшылық. Қайда барсаң да, қай дүкенге бас сұқсаң да, алдыңнан көлбөңдеі осы мәселе шығады. Ең қиыны, киім-кешек емес, күнделікті тұтынатын азық-түлік қымбатшылығы тұрғындарға қиындық тудырады. Тіпті тапқан табыстың көп бөлігі азық-түлікке кететін отбасылардың қатары да артып. Аталған оқылықты мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин де мінберде көтеріп, назар аударған еді: «Статистикалық дерек бойынша қазақстандықтар табысының жартысынан көбін азық-түлік алуға жұмсайды екен. Біздің азаматтардың еңбек ақысының өсу деңгейі әлеуметтік маңызы бар тамақтардың бағасының өсу деңгейіне илес алмай отыр. Бұған қоса, азық-түлік көлемінің жеткілікті болу мәселесі де сұрақ тұдырады», – деді депутат.

Міне, мәселенің мәніне үңілсек, жәрмеңкенің маңызы арта түсетіндей. Өрине, бір жәрмеңкемен бағаны тұрақтандыру, төмендету мүмкін емесі анық. Себебі жәрмеңкеде сатылмайтын азық-түліктің бағасына тұса болу, жаңа арнаға бұру әзірше қолдан келмес. Мысалы, нарық бағасына көз салайық. Ет өнімдерінің елдегі бағасы 2 500-4 500

теңге, алма – 500-1 000, алмұрт – 800-1 500, қант – 800, сабақты көк пияз – 200 теңге. Бұдан өзге нан бағасы да шарықтап, 100 теңгеге дейін көтерілді. – Жолдасым екеуміздің зейнетақымыз 130 мың теңгеге жуық. Алайда жәрмеңке болмаса, ол қаржыға жарытып азық-түлік алу мүмкін емес. Жергілікті өкімдік тарапынан ұйымдастырылатын жәрмеңке айтарлықтай көмекке айналған еді. Алайда соңғы уақытта өту жиілігі алшақтап, жағдай қиындай түсті. Жәрмеңкені күтпей, дүкеннен алуға қаржат жетпей қалады, – дейді қала тұрғыны Нағима Құспанова.

Тағамды сөз етпегеннің өзінде «енді нан қымбаттайды» дегенді естіген халықтың алаңы күшейді. Өйткені, ет және ет өнімдерін баға қымбаттығына байланысты қаншама адам апталап айлап тұтына алмайды. Сондағы бар ішіп-желі – ас атасы. Сол себепті олардың «Нан қымбаттаса, не болғаны?!» деген қиналысы орынды. Қазірдің өзінде облыс орталығындағы нан бағасы 100 теңге көлемінде.

Бүгінде «Байқоңыр» ӘКК» АҚ ұйымдастыруымен өңірлік тұрақтандыру қорынан немесе шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлердің қатысуымен жәрмеңке өтуде.

Аудан орталықтар мен Қызылорда қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары арзан бағамен сатылып, жәрдем болуда. Сатылымға облыстағы шаруа қожалықтары мен жергілікті кәсіпкерлер ұсынған күріш, ет, сүт, ұн, пияз, жұмыртқа, көкөніс пен жемістің саналуан түрі ұсынылады. Қажетті өнімді арзан бағада

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары әкелінеген.

Айтпай-айтапай не керек, жәрмеңке болса, қала жұртшылығы жайылан сәрелерден өздеріне қажеттің бәрін тауып, қалауы мен қалтасына қарай қоржын толтырады. Сатып алушы да, өнім ұсыншы да риза. Сондықтан болар, халық жәрмеңкенің жиі ұйымдастырылып,



сатып алуға мүмкіндік мол. Кәсіпкерлердің ынтысы да жоғары. Мәселен, жақында Қызылорда қаласының «Арай-3» шағын ауданында өткен жәрмеңкеге 10-ға жуық жүк көлігімен 20 тоннадан астам

қымбатшылықтан құтқарғанын қалайды. Қазіргі ахуал мұндай талапқа мұрша бермес де уақыт оздырмай жүйелі жәрмеңке өткізуді ұмытпаған жөн секілді.

Берен ШАҒЫРӨВ



«Қанатты қалам – 2022» салтанатты шарасында әріптестер мерейі үстем болды. Соның ішінде тілшіміз, облыстық «Сыр дарыны» жобасының жемігезі Динара Бекбай Сәбитжан Бермағанбетов атындағы «Ең үздік жас журналист» байқауында топ жарып, «Үздік жарияланым» атағымен өншіледі.

ӘРІПТЕС МЕРЕЙІ

Дәстүрлі байқаудың мақсаты – жас журналистердің шығармашылығын шыңдап, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту. Байқауға жасы 30-ға дейінгі оқуаралық әкімдер құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер қатысқан болатын. Қатысушылардың еңбектерін сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, зерттеу әдістерін қолдана білуі ескіріп алынған.

Ең үздік жас журналистерді марапаттау сәтінде Сәбитжан Бермағанбетовтің анасы Меруерт апай сахна төріне шықты. Талантты перзентті дүниеге әкелген ана жүлдегерлерге жүректарды лебізін арнады. Бұдан бөлек, газеттегі бас редактордың орынбасары Ерін Шамшидин де «Үздік қалам – 2022» шарасында қала әкімінің Алғыс хатын иеленді.



Облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің редакциясы аудандық жастар ресурстық орталықтарына деген халық пікірін айқындау, орталық жұмысын қоғам көзқарасы арқылы ескеу мақсатында сауалнама жүргізуді қолға алған еді. Сауалнама Қызылорда облысының аудандарындағы орталықтардың тиімділігі мен еңбектерінің нәтижесін айқындауға жол ашып, қоғаммен байланыс әдісін қайта қарауға ықпал еткені сөзсіз.

ШИЕЛІК ЖАСТАР ҮЗДІК АТАНДЫ

Сауалнама редакцияның ресми сайтында ашық жарияланды. Нәтижесіне сәйкес, 6470 адам дауыс беруге қатысқан. Соның ішінде Шиели аудандық жастар ресурстық орталығы 1875 дауыс жинап, 29 процент көрсеткішпен топ жарды. Жақында жеміпзас орталықтың жетекшісі Ержан Әбдешов марапатталды.

Айта кету керек, фейсбук әлеуметтік желісінде үздік жастар ресурстық орталығын анықтау кезінде жастар мен өмір тұрғындары белсенділік танытып, қызу тарап пікір білдірді. Екінші орынға Сырдария аудандық жастар ресурстық орталығы 1194 дауыспен жайғасты. Үздік үштікті Жалағаш 1093 дауыспен қорытындылады.

Ал Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығы 791 адамның қолдауына ие болды. Одан кейінгі орынға Жанакорған ауданы 607 дауыспен орналса, Қазалы аудандық жастар ресурстық орталығы 554 дауыс жинады. Сауалнаманың қорытындысына сай Арал аудандық жастар ресурстық орталығы 356 дауыс жинап, көптің талқысына түскен үздіктер тізімін аяқтап тұр.



Ақжарма ауылдық округінде құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында жиын өтті. Шараға ауылдық округ әкімі Ж.Алиев, Баймұрат батыр ауылының тұрғындары, қоғамдық кеңес пен ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты.

КӨШЕ АТАУЫ ЖАҢАРМАҚ

Жиында Баймұрат батыр ауылындағы атауыыз көшесі – Тоқболғара Қызыбат, Тоғай көшесі – Нұршаев Жақсылық, Тоғай-1 көшесі – Исмаилов Ибрахим, Тоғай-2 көшесі – Досмағамбет Садықбек, Қырман көшесі – Айходжаев Мұқашбек, Қырман-1 көшесі – Қалиев Марат, атауыыз көшесі – Бақбергенов Рахматулла көшесі деп өзгерту мәселесі талқыланды.

Ақжарма ауылдық округінің Баймұрат батыр ауылы тұрғындары жоғарыда ұсынылған көшелердің тарихи жер-су атаулары мен тұлғалардың еңбек жолымен танысып, жаңадан атау беру туралы ұсыныстарды қолдады.

Шара қорытындысына сәйкес, тиісті құжаттар дайындалып, қала әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қарауына жіберілді.

Ұлттың ескі заманнан қалған төңдік пен өркіндік туралы көрсеткіші – «өз отауым, дара орда» ұстанымы. Ежелден өзгенің дегеніне мойынсұнбай, тәуелсіздікті өншілеп, елдік жолына түсу көптің көксеген арманына айналған. Бұл тұрғыда қазақ өлі де қайсар болмыс арқылы өркіндік жолында қаншама қырғын-қасапты өткеріп, болмысын бұзбауға, берекесін кетірмеуге талпынды. Тіпті ұлт зиялылары әлем-жәлем ғаламың кейпі тайып, түрлі саяси режим мен басқару қағидалары қайшыласқан XX ғасырдың өзінде заманға ілесіп, іргелі елдің болашағын қалыптастыруға күш салған-ды. Сөтінде ел ұстыны – астананы белгілеу, урбанизация өлеміне ауысу өзшпелі өмір сүру моделіндегі халық үшін оңайға соқпағаны жасырын емес.

Расында, ел тарихындағы маңызды қадам астаналардың қалыптасуы, еркендеуі, экономикалық-мәдени ахуалға ықпалымен өлшенері анық. Отырықшылық мәдениеттен шеткері қалыптасқан қазақ халқы аштықтан зардап шегіп, өркениет игілігінен құр қалғанын жете түсінген шақта қалалық мәдениет пен өзгеше өмір сүру дағдысын игеруге асыққан-тұғын. Содан болар, қазақ арасында астананы географиялық, мәдени, экономикалық ерекшелікті ескеріп белгілеу, ұлт тарихындағы елеулі өзгеріс пен жаңалықты бас қаладан бастау секілді дағды ерте қалыптасты. Алғашқы жоғары оқу орны, театр, өнеркәсіп нысанының бас қаладан бастау алғанын аңғаруға болады.

Ел Тәуелсіздігін алып, еңсе тіктегенде жаңа саяси стратегия, өзге бағытты таңдауға тура келгені анық. Егемендікке қол жеткізгенде қабылданған ең елеулі шешім – Қазақстан Республикасының астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру. 1994 жылдың 6 шілдесінде қабылданған қаулы жаңа Қазақстанның, жаңа тарихын жазуға бағытталған еді. 1998

Қазақ жастарының арасында бірнеше тіл меңгерген қыз-жігіттер көп. Полиглоттардың арасында тоғыз немесе ондаған шет тілінде өркін сөйлейтіндер бар. Бұл қуантарлық. Көп білген ұтады.

Үш тілді білу бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Бұл дағды бізге беріде келген жоқ. Сонау ұлы ғұламалардың дәуренінен бері жалғасып жатқан ілім мен ғылым. Яғни, адам баласы білім игере бастағанда ең бірінші, көп тілді меңгеру керектігін ұғынып, айтып кеткен. Мәселен, әлемнің екінші ұстазы атанған, түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі Әбу-Насыр әл-Фарабиді айталық. Ол өзінің ізденімпаздығының арқасында 70-ке жуық тіл білген. Тілді

үйреніп қана қоймай, оны трактат жазуға, өлемнің сан түрлі құпиясын ашып, зерттеуге арнаған.

Осындай білімділігінің арқасында ұлы ойшылдың есімі тарихта ойып тұрып орын алды. Қазақтың ұлы ақыны Абай: «Өр біреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бір деңгейлік дағдыға ие болады» десе, «Қанша тіл білсең – сонша рет сен адамсың», – деп А.П. Чехов бекер айтпаса керек. Тек бұл ғана емес, өткенге көз жүгіртсек түркі ойшылдарының және қазақтың жарқ еткен жұлдыздарының көпшілігі бір емес бірнеше тілді жетік меңгергенін анықтауға болады. Демек, көп



ЕЛ АЙНАСЫ - ЕЛОРДА

жылы 6 мамырда Астана атауы ресми түрде бекітіліп, 10 маусымда жас астананың тұсаукесері халықаралық деңгейде өткізілді.

Жалпы астананың бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласына көшуі кездейсоқ шешім емес екені анық. Бұл – Алаш зиялыларының асыл арманының ізі. Мәселен, Әлихан Бөкейханұлы «Григорий Николаевич Потанин» атты мақаласындағы: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баянды» шығарған Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты талқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» деген арманы бүгінде шыныдыққа айналды. Еуразия континентінің кіндігіне орналасқан қала өзіндік қайталанбас бет-бейнесін қалыптастырып, әлемдік деңгейде бедел жинауға ұмтылды. 2010 жылғы ЕҚЫБҰ саммиті «Астана лебі» деген терминді қалыптастырып, қазақтың жас астанасының амбициясын әйгіледі. Қазір Нұр-Сұлтан жыл сайын халықаралық деңгейдегі жиындар мен басқосулар өтетін орынға айналды.

Бастапқыда Арқаның төсіне жаңа шаһар салу идеясын құптамағандар уақыт өте шешімнің ұтымды тұсын аңғара бастады. Оған экономикалық, мәдени жетістіктер түркі болса керек. Тіпті Нұр-Сұлтан қаласы 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын да алды. Бүгінде Елорда ғаламдық маңызға ие саммиттер мен басқосулар өтетін, дінбасылар мен саясаткерлер жиналатын бейбітшілік мекеніне айналды. Мұның барлығы келешек Қазақстанның келбетін айқындай анық.

Елорда қай қырдан болмасын, қазақ қоғамы мен өміріне оң өзгеріс әкелуге жол ашты. Өрбір шаһар өзіндік ерекшелік пен болмысты сыйлап, халықтың тұрмыс сапасына да оң өсерін тигізгені бар. Сондықтан астаналар халықтың тағдырына тікелей ықпал етті десек артық емес.

Берен ШАҒЫРОВ



ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ...

тілді білу біздің санамызға бұрыннан сіңген. Оның үстіне әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды санайды. Сондықтан да біз де өз халқымыздың, еліміздің қарыштап дамып, өркениетті, елдер қатарынан қалмау үшін көп тіл меңгеруіміз қажет деп санаймын. Бір тіл білсең, сол тілде сөйлейтін тұтас бір елді білесің. Ортаң да кеңейеді. Ұсыныстар мен мүмкіндіктер арта түседі. Бұдан бөлек, өзге тілді білу жаңаша ойлауға және бұрынғы қалыптасқан пікірлеріңді одан өрі дамытуға үлкен септігін тигізеді. Жаңашылдыққа, объективті ойлауға жетелейді.


Ел мен елді, халық пен халықты байланыстыратын көпірдің бірі де осы – тіл. Сол көпірді сақтап қалу керек. Сөз соңында айтармын, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте». Біз, жастар, болашақ ұрпақ өзге тілді білу арқылы өз тілімізді әлемдік аренаға



шығаруымыз қажет. Ақын Қадыр Мырза-Әлі ұлт ойшылдары Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абайдың, Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір-жолын үлгі еткен. Бүкіл түркі әлемінің ұлы перзенті Мұстафа Шоқай өлемнің жеті тілін жетік

білген, сол тілдерде жаза да алған. Бірақ, осы тұлғалардың қай-қайсы да ана тілін құрметтеген, тұғырынан түсірмеген, биіктеткен.

Айнұр ДОСЖАНОВА, Ж.Кизатов атындағы № 23 мектеп-лицей оқушысы



Әлем елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, Жапонияның Білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігі осыдан екі жыл бұрын бағдарламалауды төменгі сыныптарда міндетті пән ретінде оқытуды бекітті. Орта мектепте бағдарламалау 2021 жылдан бастап, ал жоғары сыныптарда быйдан бастап міндетті түрде оқытылады. Пәнді оқыту ойын үлгісімен өтеді – балалар ойын кейіпкерлерімен тілдесе отырып басқару алгоритмдерін меңгереді. Қазір елдің Кога мен Такео қаласында бағдарламалау пәні бизнесмендер және қоғамдық ұйымдардың өріктерімен ынтымақтасып бастауыш мектепте оқытылып жатыр. Сабақтар оқ нәтижесін көрсетті, оқушылардың білім алуға деген қызығушылығы артты деген деректер бар.

Елімізде де қарқын жаман емес. Президент өз Жолдауында 2025 жылға дейін 100 мың жоғары білікті IT маманды даярлауды тапсырды. Жалпы Қазақстанда бұл мамандық мектептерде де, жоғары оқу орнында да оқытылады. Осы мақсатта

оқытушыларды дайындау жұмысы да қолға алынды. Мысалы, Назарбаев интеллектуал мектептерінің базасында соңғы жылдары 6500 мұғалім оқып шыққан. Олар робототехника, 3D-принтинг және программалауды меңгереді. Бұған қоса 5-11-сыныптарға сабақ беретін оқытушылар үшін робототехника пәнінің тандамалы курсы жасалды. Тағы бір қуанышты хабар. Биыл Атырауда тұңғыш халықаралық IT мектеп ашылмақ. Жаңа оқу орнында жастарды IT және Digital саласындағы заманауи мамандықтар бойынша оқыту жоспарланған. Бірінші курс – Python-да бағдарламалау. Python – бағдарламалаудағы ең танымал тілдердің бірі. Бағдарлама веб-азірлеуде, қолданбаларды жасауда, деректерді талдауда, автоматтандыру жүйелерінде қолданылады. Оқу соңында халықаралық сертификат (диплом) беріледі. Оқу ұзақтығы – 18 апта.

Ал ЖОО бойынша IT-мамандар еліміздегі бірқатар оқу орнында даярланады.

Бүгінде IT саласы мамандарына сұраныс жоғары. Технология тілін түсінетін, оны бес саусақтай білетін жандарға жұмыс жетіп артылады. Болашақта да бұл сала мамандарына сұраныс артпаса, кемімесі анық. Себебі жаһанда технология күн санап қарыштап дамып келеді.

Олар – Лев Гумилев атындағы Еуразия университеті, Қаныш Сәтпаев атындағы қазақ техникалық университеті, әл-Фараби атындағы университет, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қарағанды техникалық университеті, Алматы энергетика және байланыс университеті, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті. 2 жыл бұрын ашылған Астана IT университеті студенттер үшін 600 grant

керек ететін, еңбекті көп қажет ететін мамандық. Оны игеру үшін жастар барлық елдің тәжірибесінен хабардар болу керек деп есептеймін, – дейді Қазақстан IT-компаниялар қауымдастығының президенті Нұрлан Исин.

Мына дерек соның дәлелі. SaegeerCast сайтының командасы АҚШ-та өйгілі болған еңбек және бос жұмыс орындарының IT-нарығын сарптап, жұмыс берушілер үшін маңызды және еңбекақысы жоғары мамандықтардың тізімін жасап шығарған. Мұндай үрдістердің бізге сөз кешіліп жететінін ескере отырып, жақын жылдары көп сұранысқа ие болатын IT мамандықтарының рейтингін жарияласақ.


Бұл рейтингте бағдарламашылар, веб-жасаушылар, қауіпсіздік бойынша мамандар, мәліметтерді сарптау және өңдеу бойынша мамандар басты орыннан көрінді. Мысалы, ең көп сұранысқа ие болатын мамандық – веб-жасаушы (Web developer). Ол IT-индустрияға қатысты басқа мамандықтар ішінен бірінші орын алды. Ақысы сөз аздау болғанмен веб-жасаушылар қазірдің өзінде IT-еңбек нарығында көп сұранысқа ие. Екінші орынға есептеу техникасы саласының сарапшы мамандары лайық болды. Олардың қызметіне деген сұраныс 21%-ға артады. Өйткені миллиондаған адам компьютерді пайдаланып, бағдарламалар жасап жатқан кезде туындаған қиындықтарды түзететін маман

ауадай қажет болады. Өзін компьютерде көптеген мәліметтер сақталған. Оның ішінде жеке мәліметтер де, коммерциялық мәліметтер де бар. Кез-келген ақпараттың жоғалып кетуі – компания үшін, оның басшылығы мен қызметкерлері үшін үлкен қиындық. Компания коммерциялық құпияларынан, ішкі құжатнамалары мен клиенттер базасынан айырылады. Бұл жағдай олар үшін үлкен қаржылық қиындық туғызып, беделдеріне сызат түсіреді. Сондықтан осы ақпараттардың барлығын сақтап, оны қауіпсіз қорғай алатын мамандар күн өткен сайын керек бола береді. Болжам бойынша, қажеттілік 18%-ға артпақ.

Қорыта айтқанда IT бойынша жұмысыңызды мүлде жоқ. Оларға ішкі нарықта да, шетелде де сұраныс өте жоғары. Демек, жастар жаңаға ұмтылғаны абзал.

ТРЕНДТЕПІ ТОП: ЖАҢАҒА ҰМТЫЛ!

шылар, ақпараттық қауіпсіздік бойынша мамандар, мәліметтерді сарптау және өңдеу бойынша мамандар және бірнеше мамандар басты орыннан көрінді. Мысалы, ең көп сұранысқа ие болатын мамандық – веб-жасаушы (Web developer). Ол IT-индустрияға қатысты басқа мамандықтар ішінен бірінші орын алды. Ақысы сөз аздау болғанмен веб-жасаушылар қазірдің өзінде IT-еңбек нарығында көп сұранысқа ие. Екінші орынға есептеу техникасы саласының сарапшы мамандары лайық болды. Олардың қызметіне деген сұраныс 21%-ға артады. Өйткені миллиондаған адам компьютерді пайдаланып, бағдарламалар жасап жатқан кезде туындаған қиындықтарды түзететін маман



M.СЫРЛАН

ВИРТУАЛДЫ ВАЛЮТАНЫҢ АҚШЫ

Ең алдымен криптовалюта деген ұғымға ойыссақ. Мәселен, еліміздегі төл валюта – теңге. Сол сияқты интернеттің өз валютасы бар. Қолмен ұстауға келмейтін құпия ақша осы – криптовалюта. Электронды ақшаны табу аса қиын емес, оны компьютер өзін өндірелі. Ол үшін серверлерге тіркелген қондырғылар қиын есептерді шешеді, яғни құрылғы берілген алгоритмнің жауабын іздейді. Бір сөзбен айтсақ, бұл есептеуші машиналардың математикалық шайқасы. Өр есеп шешілген сайын сіздің электронды өмияныңызға бонус түседі. Оның мынанан аса түрі бар. Ең танымалы, әрі қымбаты, цифрлы ақшаның алтыны – биткоин. Оны өндіру тәсілін майнинг дейді. 2009 жылы жапондық Сатоши Накамото биткоин желісін іске қосып, алғашқы 50 биткоинды шығарған. Небары 13 жылдың ішінде оның бағасы аспандап кетті. Қазір 1 биткоин – 17 млн теңгеге жуық. Биткоинға дейінгі жиналатын тиынды сатоши дейді. 1 биткоин деп есептелуі үшін – 100 млн сатоши өндірілуі тиіс.

Майнинг жұмыстарын қолданылатын құралына байланысты ажыратуға болады. Негізгі түрлерінің алғашқысы – компьютерлік процессорлардағы өндіру (CPU). Онымен Monero сияқты криптовалюталарды ғана өндіруге болады екен. Екіншісі – видеокарта арқылы өндіру (GPU). Көптеген криптовалюталарды осы әдіс арқылы өндіруге болады. Соның ішінде эфир, dash кездеседі. Турақты режим арқылы да криптовалюталарды өндіруге мүмкіндік бар. Үшіншісі, ASIC арқылы. Бұл – криптовалюта майнингі тиімді тәсілі. ASIC – арнайы архитектуралық жасалған процессорлар. Бірақ бір тиімсіз тұсы – тез арада істен шығып қалады дегені бар. Фирма. Қуатты графикалық видеокарталарды (GPU) біріктіру арқылы жұмыс істейді. Бір немесе бірнеше компьютерге қосылу арқылы жүзеге асады және жоғары тиімділікті көрсетеді. Айта кету



керек, майнерлердің артыу видеокартаға деген сұраныстың көбеюіне әкелген. Сондай-ақ оның тағы бір түрі – бұлты майнинг. Ол кез келген фермалық процессорға жалғану арқылы жүзеге асады. Мысалы, айына белгілі бір процессорға ақша төлеп отырса болғаны. Ал қалған процессордың тапқан пайдасы тікелей өзіне түседі.

УШ БИТКОИНМЕН БАЙЫҒАН
Зерттеулерге зер салсақ, Кембридж университеті майнинг бойынша жаһандық көшбасшы Қытай емес, АҚШ: оның үлесі 35,4% деген дерекпен бөлісті. Ресей 11% үлесімен үшінші орынға шықты. Осыдан-ақ көрші Қытай майнерлерінің электр қуаты арзан көрші елдерге миграциясы басталғанын байқауға болады. Өткен жылы дүниежүзілік лидер болған ҚХР-дің үлесі 46%-дан құлдыраған. Себебі шығыс көршіде криптовалюта майнингі түбегейлі доғарылды. Бұған қоса ҚХР билігі криптовалютанациялар жүргізуге

«АУАДАҒЫ АҚША» ҚҰАТ ТАПШЫЛЫҒЫ

толығымен тосқауыл қойды. Биткоин сатқандар да, сатып алғандар да қаржылық қылыс жасаған болып есептеледі және қатаң жазаланады. Сарапшылардың айтуынша, Бейжің осы арқылы жаппай қолданысқа енгізеді деп жоспарланған цифрлық қоан үшін мұны тазалады.

Осындай жағдайлардың әсерінен барлығы Қазақстан мен Ресейге көше бастады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан криптовалюта өндіруді АҚШ-тан көрініп екінші орында тұр. Алайда сол жылдан бері елде энергия тапшылығы туындай бастады. Оның себебі криптовалюта өндіретін бір құрылғы орта есеппен сағатына 3,5 кВт электр энергиясын жұтынады. Бір ғана ASIC айлық есеппен шаққанда 2,5 МВт энергияны пайдаланады. Оған қоса әзір қазастандықтардың біржазда баяу жанып, байып кетіп жатқандары кемедем. Бірақ бұл жобаның тартымдылығы жоқ дегуде

Қазір майнинг мәселесі жиі көтеріліп, жиі талқыланып жүр. Әсіресе, электр энергиясы тапшылығы орын алса, майнинг туралы қоса айтылады. Дегенмен аты да, заты да беймәлім бұл салаға көпшілік бойлай бермейтіні рас.

келіңкіремейді. Заңгер Ерденбек Муратовтың оқиғасына тоқталсақ, «Осыдан 3 жылдай бұрын 3 биткоин алғанмын. Әлемде биткоин иеленуі санға айналған кез. Сонда еңбекақымыз, 13-жалақымыз, сыйақымыз қатар түсті. Ол кезде криовалюта шетелдік биржада 990 доллардан сатылып жатты. Бір жыл өткенде, яғни келесі жылдың соңында оның құны 20 есе қымбаттады. Солай екен деп кері сатуға тұра жүгірмедім. Қайта тағы алып қояйын деген ой болған, бірақ артық қаражат болмады. Жақында биткоин бағасы аспандады деген жаңалықты естіп, сақтауда тұрған үш криптовалютамды төгіс сатуға ұйғардым. 90 мың доллардан астамы сомаға қол жеткіздім. Оған Нұр-Сұлтаннан үш бөлмелі үй сатып алдым», – дейді ол.

Криптовалютаны өндіруден бөлек, криптобиржаларда сатуға немесе сатып алуға болады. Электронды өмиянда жиналған қаражатпен өндірушілер өзара саудаласа алады. Қажет болса қолданыстағы ақшаға да алмастырады. Ол үшін арнайы қосымшалар қарастырылған.

ЭКОЛОГТАР ҚАРСЫ, ЭКОНОМИСТЕР...
Енді мәселенің құқықтық жағын бағамдап көрейік. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі комитеті Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің сарапшысы Эсет Ыбраев елде осы іске түгелімен жасауға 167 ұйым барын хабарлады. Оның 78-і жұмыс жүргізіп жатса, 89-ы енді жоспарлап отыр. Тек тіркелумен тірілік бітпейді. Криптовалюта өндірушілер салық төлеуге міндетті.

Оның үстіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика және инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Қазақстандағы заңсыз майнинг мәселесін түбегейлі шешуді тапсырды. Ставкисы 1 KBT – 1 теңге. Бірақ та осы ставканы көбейту мақсатында жұмыс жүргізіліп жатыр. Себебі жоғарыда келтіргеніміздей, техникалық құжаттарын өзге

кәсіп түріне рәсімдеп, бірақ шын мәнінде майнингпен айналысып отырғандар құрықталған. Жыл сайын 2 пайызға өсетін энергия тұтыну көлемі 6,1 пайызға дейін артқаны алаңдатарлық. Оңтүстік аймақтарда бұл көрсеткіш – 12%.

«Оларды әуелден-ақ Қытайдан көшіруді себеп экологиялық нормалар мен тыйымдарға қатысты. Енді оларды бізге әкелгенде де соншалықты қажеттілік керіп тұрған жоқпын. Өйткені біздің өзіміз жаңа Экологиялық кодексіміз сәйкес, ауаға тарататын зиянды аммиактарды қысқартуымыз керек. Оның бір түріне майнинг фермалар бөлетін жылу энергиялары жатады. Екінші мәселе электр энергиясына қатысты. Оларға жететін елімізде тоқ бар ма? Ол қандай желілермен таралады? Бұрынғыдан да көп тоқ бөлеміз деп ТЭЦ-тер мен ГЭС-тер қосымша күтпен жұмыс істейтін болса, бұл апаттық жағдайға әкелуі мүмкін. Олардың жартысына жуығы осы да апатты жағдайда тұр. Ауа тараатын көмірқышқылы газының көлемі артып, парниктік әсер күшейте түспек. Ал өз алдына тоқ желісін тартпаса, қолданыстағы желілерге күш түсіп, ол да өз кезінде пайдалану қалмақ. Өйткені елімізде электр желілерінің 70%-ының тоғыз жеткені әлдеқашан анықталған», – деген ой біздерді республикамыз KAZ ECO PASSPORT қоғамдық ұйымының төрағасы Тимур Елеусізов.

Ал экономистердің, майнингпен айналысатындардың пікірі керісін. Олар 2040 жылы «ауадағы ақшаның» шеті бітпейді. Сондықтан тиімді түсті ұтымды пайдалану керек деп есептейді. «Электр станцияларын өзіміз өзіміз» деген ұсынғыстары тағы бар...

A.СНАДИН

ҰЛЫ САРЫННЫҢ САРҚЫТЫ

Жамбыл – әдебиет отауының көрегесін көріп, уығын шашып, шаңырағын көтеріп, атадан жеткен асыл сөздің арнасын көңейтіп, әдебиетке сақталы сыбаға қосқан жүз жылдық жүрек иесі. Жамбылдай маржан сөздің марқасын дүниеге әкелген Жетісу өңірі әдеби майталмандарға бөлік.

Заман желі мен дәуір тынысының ахуалына бағынса да, өзі өмір сүрген кезеңнің шындығын айта білген дарабоз ақын Жамбыл аталуының себебін былайынша түсіндерді: «Байғара, Жамбыл тауда мен туыппын, Жамбыл деп қойылыпты атым содан».

Балалығынан қоңырқай тіршілік кешкен Жамбылдың ғұмырында суелі тұстар көп. Ықылым заманнан есімі дүйім жұртқа белгілі Бөлітпек шешеннен, атақты Сүйінбай ақыннан бата алған ақын есімі елге ертеден-ақ белгілі болған. Заманында Абаймен үндес болып, алпауыт кезеңдерде ел ішіндегі мәселелерді көтере білген ақын шығармашылығының әдебиетте



алар орны бөлек. Елең сөздің дүлдiлi, айтыскер, абыз жырау, жауынгер жырмен Жамбыл шығармалары өлемнің ондаған тiлдерiне аударылып, ақынды КСРО мемлекеттiк сыйлығының иегерi еттi. XX ғасырдың Гомерi атандырды. Көзi тiрiсiнде әдебиеттегi ең алғашқы жазу сөзiне қатысып, абыройы асқақтады, дүние жүзiне есiмi мәншүр болды. Жамбылдың ұлылығы сол-екi дәуiрдi

жалғал тұр. Қазақтың тұтастай эпостық дүниесін жеткізіп, өзінен кейінгі әдебиет өкілдеріне айрықша әсер ете білді. Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Орынбай Тайманов сынды суырып-салма ақындардың бәрі Жамбыл мектебінің түлектері.

Ақынның «Шағым», «Зілді бұйрық», «Өстепкеде», «Патша өмірі тарылды» өлеңдері елдің саяси әлеуметтік өмірін ашық көрсетті. Күрескер ақын қазаққа қырғандай тиіп, көп дүниеге тыйым салып, қыспақта ұстаған жоғарыдағылардан қаймықпаған. Себебі, бойында жыраулық, жауынгершілік қасиеттерді ұштастырған. Мәселен, Жамбыл әлемі әлі толық зерттелмеді. Оның революцияға дейінгі өмірі назардан тыс қалып, ақынның азаматтық қыры айтылмайды десем де артық емес.

«Жамбыл – ақын – ойдың алғыры, өзеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен аса зор құбылыс» дейді классик жазушы Мұхтар Әуезов. Даралығы – шын атын «халық» деп есептейтінде, халықпен бірге тыныстап, бірге күн кешетіндігінде. Саяси лириканың шекпенін күйген ақынның қай жырларынан болмасын, қазақтың басындағы ауырталпықты анық көреміз. Жасампаз ақын қазақтың қоңыр үніне салып жыраулық дәстүрді де қалыс қалдырмай, миллион жол өлеңді мүдірместен жатқа айтқан. Шындық жырланған, ақиқат ат үстінде айтылған Жамбыл өлеңдерінің өміршеңдігі келер ұрпаққа салынған сара жол іспеттес. Бүгінде Жамбыл есімі төртүкп өлемге танымал, көптеген мемлекетте ақын атына көше беріліп, ескерткіштер бой көтерген.

Сондай-ақ алпауыт ақын, қайраткер Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы халықаралық деңгейде аталып өткені қай жағынан алсақ та, құба-құп.

Дильназ ДҮКЕНБАЙ

ТАЛҒАМЫ ЕРЕК ЕГІЗДЕР

Егіздер Жаратқанның ерекше тылсым жаратылысы екені рас.

Олар жайлы түрлі аңыздар да, әңгіме де жетерлік. Аңыздар мен көркем әдебиеттерде, жалпы әр дәуірде әр ұлттың санасында егіздер беймәлім дүниенің жаршысы іспетті болды. Өлемдегі сирек кездесетін таңғажайып құбылыс ретінде егіздер адам санасын біраз қызықтырып, аңыз-ертегілерге арқау болғаны шын. Ерте заманнан бері егіздерді болашақты болжайтын, табиғи және адам өмірінде болатын оқиғаларға әсер ете алатын тылсым күш иесі ретінде де қабылдаған. Өткен дәуірлердегі аңыздарға көз жүгіртсек, адамдардың егіздерден қорыққаны да аңғаруға болады. Көп аңыздарда егіздің бір сыңары жақсылықтың, ал екінші сыңары жамандықтың белгісі болған деседі. Олар өсу барысында бір-біріне әсер етуі мүмкін. Бірақ олардың мінездері, темпераменті, әдеттері бір-біріне емес, ата-аналарына ұқсайды деп айту жөн болар. Оларды жан-жақтағылар әрдайым бір-бірімен салыстыруды еш тоқтатпақ емес. Осылайша адамдар салыстыру арқылы жаман мен жақсыны айырғысы келеді. Алайда салыстыру дұрыс емес.

Қазіргі таңда егіздер жайындағы көптеген мифтердің ғылыми тұрғыдан еш сиқыры жоқ екенін біз білеміз. Дегенмен осы дамыған заманда да егіздер жайлы тылсым құбылысты естіп жүрміз. “Сырт келбетін бір-бірінен ажырату қиын егіздерді (бір ұрықты егіздер) екі жаққа бөлек жіберсе, бірінің денсаулығы нашарлағанын екіншісі

сезеді” деп жатады. Бұл – ақиқат. Көптеген егіздердің өмірінде аталған жағдай кездескен. Бірақ бұл тылсым құбылыстың сырын аша алған екі егіздер де бір ғалым да, оқымысты да, дәрігер де жоқ. Туғанынан бастап екі бөлек жерде өмір сүрген егіздердің бойындағы түрлі қасиеттерді түрлі қасиетке қарамастан бірдей болатындығы да бар. Бікі немесе одан да көп бауырлар бір мезетте туған жағдайда, сабилердің салмағы қалыпты екеуіне жағдайдан азырақ болады (еушандай да ауру емес, уақыт өте қалпына келеді), олардың денсаулықтары ұқыпты күтімді қажет етеді. Аз салмақты болып туу себебі, ана құрсағында

нақты деректері жоқ. Егіз туылған балалардың өздеріне ғана түсінікті тіл (диалект) пайда болады. Екеуі сол тілде кішкентай кездерінде сөйлеседі. Бұл жағдайды екі жастағы егіздердің әрекеттерінен байқауға болады. Өсе келе егіздер уақыттарының көп бөлігін бірге өткізетін болғандықтан, мінезі мен әдеттері жақсы таныс. Бірақ егіздердің араларында бір сиқырлы қарым-қатынастың барын айтып жатады. Олардың арасындағы бұл қатынасты психологиялық тілмен “эмпатия” деп айтуға болады. Мәңызды деректер: Егіздердің 22%-ы – солақайлар, екі егіздің саусақ іздері әртүрлі болады.

Зерттеу нәтижесінде бір жұмыртқалы егіздердің ми белсенділігі



жатып бір ұрыққа тиесілі оттегі мен көрек заттарды екі немесе үш-төртеу болып бөліскендіктен екен.

Тағы бір қызық ақпарат, егіздердің өз тілі болады. Егіздерді кейбір ғалымдар “экстрасенстер” деп те атайды. Себебі олар бір-бірін қашықтықтан сезгендіктен. Бұл туралы ғалымдардың

сыйкесетіні анықталған, егіздердің бет-әлпеттері мен дене пішіндері 100 пайыз ұқсас болғанмен саусақ бедерлері мүлдем бөлек.

Ғазиза ЕРЛАНОВА

ШАБЕТ КЕЛСЕ, ОП-ОНАЙ!

МЕН ЕРКІНМІН!

1986!
Қатігез қоғам қолына алды заң күшін,
Жүргізу үшін биліктің жазған жарғысын.
Біткені ұнап халықтың зарлап, ашынып,
Күтпеді бірақ жастардың дәулей жарылысын.

Қалперге кірмей қатігез билік жарлығы,
Үмітім өшті, өшкентей болып барлығы.
Сол жылы қыстың ызғары қарымен аралас,
Қара көз қыздың көзінен жауды жаңбыры.

Жалынды жастар шайқасқа кетті құмарлап,
Жеңісі болса ерлікпен бірге тұрар бақ.
Азаттық жеңіс халықтың қымбат арманы,
Бабалар қолы жете алмай кеткен зұбаржат.

Бұрқырап тұрып қаққандай болып бір шаңын,
Намысың биік,
Көзіңді орап тұрса мұң,
Жастарым шықты,
Қолдары менен бұғаулы,
Бодандықтың бұзып шыққандай құрсауын.

Сиясы қанмен жазылды тарих парағы,
Дәлелі болды саясат ұнатпағаны.
Өлсе де жерде Қайраттар сынды нар тұлға,
Періште болып аспанға құлап барады.

Табанмен мұзды, отты да басты ойланбай,
Ерлігін жасап асу да асу бойлардай.
Империяның басынан тәжин жұлып ап,
Елтіңба жасап төріне іліп қойғандай.

МЕН – ТӘУЕЛСІЗДІКПІН!

Өшпейтін биік жалғандай!
Міржақып, Мағжан, Ахметке кеткен табылмай!
Желтоқсандағы аязы қатты қарындай,
Қарға төліген Қайрат пен Лаззат қанындай!
Тәуелсіз менмін арманы алты Алаштың,
Қондым сол күні маңдайға біткен бағындай!

Ерліктер қалды тарқатып айтар ел шерді,
Аманат болған бабалар өзін еңсерді.
Тәуелсіз елім көк туын көкке көтеріп,
Туына байлап көтерді менің еңсемді.

Тәуелсіздікпін түменен символ көрінем,
Түспесін туым қыран елімнің көгінен.
Ақ парактағы бабалар жазған аманат,
Қонаев атам қол қойып кеткен мөрімен.

Ұлықпан ЖОЛДАСОВ

БОЗДАҚ АРМАНЫ

Ғасыр далам, жер жаннатым, қазағым,
Көк бөрідей талап қылған назарым,
Боданына бұғаулаған шырмауық,
Бұйырtpпасын, сұмпаиының мазағын.

Қанша боздақ, жалғыз жанын тәрк етті,
Құрбан етті, ине жанын селк етті.
Болашаққа деген сенім жүректен,
Аналардың жанарынан желт етті.

Айбыны асқар, Тәуелсіздік – байлығым,
Бабадан – аманат бізге ай-күнім.



Тағылымын терең жайған тамырдай,
Тарихында көзі бардай ғасырдың.

Тәуелсіздік, қасиетті сөз бе едің?!
Боздағынның жан шырайын сезбедің.
Арман едің мынау бізге кешеп,
Ал, бүгінде Әнұранмен тербедің.

Қуан қазақ! Қуан ұрпақ! Қуан ел!
Азат бүгін, бабалардан туған ел!
Көгімізде көк Туымыз желбіреп,
Мәңгі тұрғай, боздақ жасын жуған ел!

Назәрке МАНТАЙ

ТӘУЕЛСІЗДІК

Тәуелсіздік!
Билегенде тарихымның тақтасын,
Сезгендеймін сана дамыл таппасын.
Бүгін міне бұзғалы тұр дегбір ой,
Жүректені шабытымның қақпасын.

Егемен ел!
Еркіндікке қолы жетті қазақтың,
Арайлаып аспанында азат күн.
Ерің де өзiр Отан үшін от кешер,
Жерің қазір жәннатындай ғажап тым.

Ұлы дала!
Көш кейіндеп қалмас сенен мәңгілік,
Төскейінде сан салтанат сән құрып.
Бұл шақта мен құшағыма сыя алсаң
Құшақтар ем құшырымды қандырғай.

Байтақ өлке!
Байрағымды қия-шыңға қадаған,
Жайларыңды жыр етуге жараған.
Айбарында ата-баба мұра еткен,
Сан жолыңа осы өлеңім садаған.

Елдігім де!
Қазақ үшін егемендік құнды дем,
Сол саясат қоғамның да сұмдығы ең.
Алғадай жыр арнап тұрмын төрінде,
Тәуелсіздік құрбандары сынды мен.

Жерім менің!
Дүниеге данқы да аян алдаспан,
Ұрпағыңа мұра болып жалғасқан.
Ата заңын алтын өріп таңбалап,
Жер ананың кіндігіне жармасақан.

Бексұлтан САНАҚҰЛ

БАБЫ КЕЛІСКЕН БАЛУАНДАР



Бахрейн мемлекетінің астанасы – Манама қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігінде аралдық Алпамыс Болатұлы мен Әмірмұхаммед Кабулов грек-рим күресінен Азия чемпионы атанды.

№19 Арал ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің спортшылары байрақты бөсекеде ел мерейін тасытты. Жастайыннан спортпен айналысқан өрендер құрылтық додандан осылайша құр қайтқан жоқ. Қос балуанның жеңіс тұғырынан көрінуіне Тағат Қожекенов, Бахтияр Төлебаев, Ардақ Танатаров сынды бапкерлер үлес қосты. Сондай-ақ ел құрамасының аға жаттықтырушысы Алматы Кебісбаевтың да еңбегі зор.

КІМ МЫҚТЫ?



Қазақстан полициясының 30 жылдығына орай облыстық полиция департаменті қызметкерлері арасында қоян-қолтық ұрысынан жарыс өтті.

Облыстық мәдениет және спорт басқармасына қарасты облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінде өткен бұл сайысқа полиция департаментінің басшылығы, ішкі істер органдарының ардагерлері және құрама командалар қатысты. Саламатты өмір салтын насихаттау, күш құрылымдары қызметкерлерінің физикалық дайындықтарын сыңға салу мақсатында ұйымдастырылған сайыста 11 құрама күш сынасты.

Командалық есепте ОПД ЖҚАЖ командасы I орынды иеленсе, II орынды ОПД Оқу-жаттығу взводның командасы алды, Арал аудандық полиция бөлімі командасы III орынға табан тіреді. Жеңімпаздар кубок, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

ДАМИР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНА ЕНДІ



Қазақстандық спортшы Дамир Исмағұлов промошудегі бесінші шортсыннен кейін UFC жеңіл салмақтағы үздік спортистер тізіміне енді.

Қазақстандық менеджер Саят Әбдірахманов Instagram парақшасында жаңартылған рейтингті жариялады. Онда «Қазақ» лақап атымен танымал Исмағұлов 15-орында тұр.

Еске салайық, «Қазақ» Остиндегі (Техас штаты) UFC турнирінде ұлты грузин Швеция спортшысы Гурама Кутателадзени төрешілердің шешімімен жеңді, алайда келесі аптада Исмағұлов рейтингке еңбей қалған болатын. Дамир бұл рейтингке енді кіріп отыр.

Бетті дайындаған: ЕШӨРБЕК



Аслан Силықбек, Азия чемпионы:

«ЕЛГЕ АБЫРОЙМЕН ОРАЛДЫҚ»

Сырда велоспорттың қарқыны тұралап, Марат Сатыбдиев пен Сергей Капустинның жетістігін жалғайтын шабандоздар жоқтың қасы еді. Жақында Үндістанда үміт оянып, Аслан Силықбек қос аңыздың жолын қайта жалғады. Нью-Делиде жерлесіміз жеңімпаз атанып, Сыр спортының жарқын көрінісін байқатты. Азияны бағындырған шабандозды туған жерге келісімен әңгімеге тарттық.

– Аслан, Азия чемпионатындағы алтын жүзден құтты болсын! Алтын оңай келмегені анық...

– Рақмет, жарыс жоғары деңгейде өтті. 4 шақырымды құрады. Азия біріншілігіне ұзақ мерзімде дайындық жүргіздік. Нұр-Сұлтан қаласында оқу-жаттығу жиындары бірнеше айға созылды. Одан бөлек Парижде өлем кубогына қатысып, өз-өзімізді қамшылап алдық. Парижде көрсеткішсіз қарағанда физикалық күш қуат жинауымыз маңызды болды. Бәлімдерді тапсырмасына сәйкес барлығын сәтті жүзеге асырдық. Үндістанға баруымыздың өзін қызық қанды. Бірден бәра салмадық. Алдымен іріктеу болды. 8 велошабандоз Нұр-Сұлтан қаласында дайындалдық. Бас бапкер Тимур Харисов сөздің ішінен алтауын қандырды. Жарыс тағам сәтте тағы біреуімен қоштасуға тура келді. Солай 5 жүрік Азияға аттандық.

– Үндістанда адаптация қалай қалыптасты?

– Дұрыс айтасыз, спортшылар үшін адаптация өте маңызды. Климат ауыстыру кейбіреуіне оң нәтиже берсе, кейбіреуіне керісінше. Сондықтан адаптацияға қатты көңіл бөлеміз. Үндістан Азияда орналасқандықтан қатты әсер етпеді. Ауа-райына жылдам бейімделіп кеттік.

5 спортшыдан жасақталды. Оның біреуі қосалқы құрамда болды.

– Велотрек сайысы командалық эстафетадан тұратыны белгілі. Үндістанда дәл осы командалық сайыстан топ жардың. Жабьқ аренадағы жарыста тоқталалықшы...

– Командалық сайыста топ жардың. Жабьқ аренадағы жарыста тоқталалықшы...

– Негізгі құрамнан бірі жарақат не болмаса сырқаттанып қалса соның орнын басыған болады. Ал негізгі құрамда Максим Тарсхин, Илья Карабутов, Вадим Белугинмен бірге өнер көрсеттік. Іріктеу сынында сүрінбедік. Іріктеу кезеңдерде жарысты біріңші бастап жүрдік. Бұл командалық жарыста күрделі көзеп болып өсетіледі. Бар ауырташылықты мойнына ала отырып өтуге барамыз салдым. Ал финалда мөрені аяқтайтын қорытынды шабандоздың қызметін атқардым. Қораядан 3 секундқа алға шығып, жеңімпаз атандық. Үздік үштікті жарыстың қожайындары түйіндеді. Жалғыз елге еңбектің арқасында абыроймен оралдық.

– Аспанды алда қандай жарыстар күтіп тұр?

– 23 шілдеде Нұр-Сұлтан қаласында ел біріншілігі өтеді. Сол біріншілікте бағымыз сынап көруге бел байлап отырмын. Қазір жеке бапкерім Берік Көпешовпен дайындықты бастап жатырмын. Ел чемпионы 4 кезеңнен тұрады. Соның скритт сайысы өзімің оң жамбасыма жақын. Сол кезеңнен өткізілімі болуды көздеп отырмын. Өзіне, оңай болмасы анық. Үндістанда бір командала өнер көрсеткен Максим, Илья, Вадим әріптестердің барлығы негізгі қарсыласым болады (күліп). Сондықтан ел чемпионы да тартысты өтетіні анық.

Нұр-Сұлтан қаласында бокстан тұңғыш халықаралық «Елорда кубогы» өтті. Турнирде Қазақстанның былғары қолғап шеберлерінен бөлек, Куба, Өзбекстан, Үндістан, Моңғолия, Жапония, Қытай және тағы басқа алыс-жақын шетелден келген 10 елдің 250-ге жуық боксшысы бақ сынады. Боксшылар 13 салмақ дәрежесінде жүлделерді сарапқа салды.

БОКСТАН БАҒЫМЫЗ ЖАНДЫ

«Елорда кубогында» ерлер арасында Қазақстанның 54 боксшысы сынай отыр. Соның ішінде 16-сы финалдық айқас жолдама алды. Өзіне, жеребеге байланысты кейбір салмақ дәрежелерінде қазақстандық боксшылар бір-бірімен ерте қолынып, жартылай финал, финал жолдамаларын өзара сарапта салуға тура келді. Ал тұңғыш рет ұйымдастырылған турнирдің финалына бытырғы әлем чемпионатының жеңімпаздары Темірғас Жүсіпов пен Сәкен Бибысов күміс жүлдегер Махмұд Сабырхан мен Серік Теміржанов, ағайындары-егіздер Саматәлі мен Саматәлі Төлтаевтар, Нұрбек пен Айбек Оралбай сынды тақирбелі боксшылар жолдама алды. Сондай-ақ финалда Кубаның – төрт, Өзбекстанның – үш, Қытайдың – үш, Жапонияның бір боксшысы өнер көрсетті.

Финалдық жекпе-жектің тұсаусекер кезеңінде жеңіл салмақтағы өлем және Азия чемпионы, Қазақстан біріншілігін бес дүркін жеңімпаз Темірғас Жүсіпов пен өзбекстандық жас боксшы Асылбек Жалилов жудырықтасты. Үш раундқа жалғасқан жекпе-жекте тағай додаларда дара шүкән тақирбелі жерлесіміз 4:1 есебімен ес қиындасыз жеңіске жетті. Сөйтіп, Жүсіпов ел қоржынына турнирдегі алғашқы алтын жүлдені салды.

Қазақстандық боксшылардан екінші болып шаршы алаңға шыққан 51 келідегі өлем чемпионы, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Сәкен Бибысов Кубаның жас қабыланы Александр Клар Фиссурмен бас жүлдені сарапқа салды. Аса тартысты өткен бөсекеде жерлесіміздің бағы жанды.

Сондай-ақ 54 келі салмақта әлем чемпионатының күміс жүлдегері, еліміздің талантты боксшысы Сабырхан Махмұд қытайлық Бо Фангтан 5:0 есебімен басым түсіп, тұңғыш рет биі сатысынан көрінді. Ал 57 кило салмақтың финалында әлем чемпионатының күміс жүлдегері Серік Теміржанов кубалық Осел Кабальероның осал тұсын таба білді. Есеп – 3:2.

60 келі салмақта қазақстандық екі боксшы – Саматәлі Төлтаев пен Тағат Сырымбетов басым түскенді. Тамаша жекпе-жек сыйлады. С.Төлтаев жастар арасындағы Азия чемпионы, осы салмақтағы 2020 жылы ел біріншілігін жеңімпаз саналса, Т.Сырымбетов бытыр топ жарған болатын. Финалда ол тақирбелі боксшы Олжас Баймырзаевтан басым түскенді. Жарты жылдың ішінде алты келі салмақ жоқсан Тағат жаңа салмақты жатысып, ал Олжас еркін жетті. Алайда соңғы жекпе-жекте 60 келінің «қожайыны» Төлтаевты жеңуге шамасы жетпеді. Саматәлінің ізін ала рингте сынды Саматәлі шықты. Ол еліміздің жеңісі жолын жақсы алды. Шықар Бөлектегі турнирдің қола жүлдегері Мұхамедсабыр Базарбайұлы финалда ағайынды Төлтаевтарға екі салмақта

топ жару мүмкіндігін бермеді. Үш раундта да мықтылық танытқан Мұхамедсабыр 5:0 есебімен жеңіске жетті. Ал 67 келі салмақтың финалында бытырғы ел чемпионы Дулат Бекбауов пен күміс жүлдегер, жастар арасындағы Азия чемпионы Абзал Серік жудырықтасып, екіншісі алтыннан алқа тағанды – 4:1.

Қазақстан чемпионатының екі дүркін жеңімпазы, Азия ойындарының күміс жүлдегері Аслан Шымбергенов пен 2021 жылы Сербияда өткен әлем чемпионатының жеңімпазы жапониялық Севон Оказава айқасты. Белградтағы доданың жартылай финалында Абзалға Жүсіповті қалдырған жапон боксшысы бұл жолы Аспанбектен айласын асыра алмады. Өте сауатты жудырықтасқан Шымбергенов үш раундта да айғын басымдыққа ие болып, төрешілерге бұра тартатындай мүмкіндік қалдырмады. Есеп 4:1.

Өкінішке қарай 75 келі салмақта бірде-бір боксшымыз финалға шыға алмады. Алдағы уақытта дәл осы салмақ бас бапкер Қайрат Сәтжановтың негізгі мекеніне айналмақ. Себебі кейінгі жылдары бұл салмақта жүлденің ауылы алыстап кетті. Турнирдің жартылай финалында бытырғы Қазақстан чемпионы Нұржан Райыс өлем чемпионы Орабай да елордадағы турнирде өз мықтылығын дәлелдеді. Финалда ол қытайлық боксшы Тангтаудан Эрбиекемен кездесіп, үш раундта 3:2 есебімен жеңіске жетті.

Алғашқы екі раундта отандасымыз айғын басымдықпен алда тұрған еді. Соңғы раундта қытайлық боксшы жекпе-жек тігінін өз қолына алып, белсенді болғанын, Берікке жеңіске жете алмады. Ауыр салмақта елішілік, халықаралық турнирлердің жеңімпазы мен жүлдегері, әскерилер арасында өлем чемпионы атанған Абзал Құттыбеков алғаш рет 86 келі салмақта өнер көрсетті. Бірінші алтын жүлдесіне қол жеткізді. Отандасымыз финалда кубалық Яньер Аромен кездесіп, үшінші раундта нокдаун алып қалғанына қарамастан төрешілердің аралас даусымен басым түсті – 3:2.

Араға бір жекпе-жек салып, 80 келіде топ жарған Нұрбектің сынары, жастар арасындағы Олимпиада чемпионы Айбек Оралбай 91 келіде шаршы алаңға көтеріліп, бір отбасыға қос қуаныш сыйлады. Аса тартысты өткен финалдық айқаста Айбек Серік жудырықтасып, екіншісі алтыннан алқа тағанды – 4:1.

Қазақстан чемпионатының екі дүркін жеңімпазы, Азия ойындарының күміс жүлдегері Аслан Шымбергенов пен 2021 жылы Сербияда өткен әлем чемпионатының жеңімпазы жапониялық Севон Оказава айқасты. Белградтағы доданың жартылай финалында Абзалға Жүсіповті қалдырған жапон боксшысы бұл жолы Аспанбектен айласын асыра алмады. Өте сауатты жудырықтасқан Шымбергенов үш раундта да айғын басымдыққа ие болып, төрешілерге бұра тартатындай мүмкіндік қалдырмады. Есеп 4:1.

Өкінішке қарай 75 келі салмақта бірде-бір боксшымыз финалға шыға алмады. Алдағы уақытта дәл осы салмақ бас бапкер Қайрат Сәтжановтың негізгі мекеніне айналмақ. Себебі кейінгі жылдары бұл салмақта жүлденің ауылы алыстап кетті. Турнирдің жартылай финалында бытырғы Қазақстан чемпионы Нұржан Райыс өлем чемпионы Орабай да елордадағы турнирде өз мықтылығын дәлелдеді. Финалда ол қытайлық боксшы Тангтаудан Эрбиекемен кездесіп, үш раундта 3:2 есебімен жеңіске жетті.

Алғашқы екі раундта отандасымыз айғын басымдықпен алда тұрған еді. Соңғы раундта қытайлық боксшы жекпе-жек тігінін өз қолына алып, белсенді болғанын, Берікке жеңіске жете алмады. Ауыр салмақта елішілік, халықаралық турнирлердің жеңімпазы мен жүлдегері, әскерилер арасында өлем чемпионы атанған Абзал Құттыбеков алғаш рет 86 келі салмақта өнер көрсетті. Бірінші алтын жүлдесіне қол жеткізді. Отандасымыз финалда кубалық Яньер Аромен кездесіп, үшінші раундта нокдаун алып қалғанына қарамастан төрешілердің аралас даусымен басым түсті – 3:2.



рет ұйымдастырылған халықаралық турнир өз мекеніне жетті. Ұлттық құрама боксшылары 13 салмақтың 11-інде алтын медаль оқпалап, жалпыкомандалық есепте топ жарды. Кейінгі орындарға Куба және Өзбекстан боксшылары е болды. Ал Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Сәкен Бибысовтың турнирдің ең үздік боксшысы атанды. Айта кетейік, жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаз және жүлдегер атанған боксшыларға қаржылай сыйақы табыстанды.

Осылайша, елордада алғаш

Маңдай тердің мерейі – еңбектің еленуінде, сенімнің ақталуында. Маркетингтік дәуірде еңбектің қай-қайсысы да дамудың жаңа даңғылына түсіп, заманына сай адамы қалыптаса бастады. «Ерінбеген етікші болады» деген бабаларымыздан қалған мұра, етікшілік өнер де арада қанша уақыт өткенмен өлмей келеді, керісінше, үздіксіз ізденісті талап етуде. Етік өскірмей тұрмайды. Тарихқа көз жүгіртсек, өз уақытында әр ауылда бір-екі етікшіден болған десеңді. Қазір де жыл мезгілі жылжыған сайын аяқ киімнің түр-түріне қажеттілік туындайтыны рас. Ал сапаға сұраныс артпаса, ешқашан кемімейді.

Халық даналығын шыңдап, ісмерлігін ісімен дәлелдей білген ғана етікші болмақ. Сығма сынбаған, шын шебердің бірі нем бірегейі – Самғау Нәсіпхан. Қазіргі таңда аяқ киім өндіретін бірнеше цехы бар жас шебердің қолынан шыққан сапалы отандық бұйымдар халықтың да, ел бастаған ер азаматтардың да гардеробынан табылады. Отандық өндірісті, етікшілік өнерін дамытып жүрген азамат Қытайда туып-өсіп, ес біліп, етек-жеңі жинаған соң 2005 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауылына көшіп келген. Осылайша отанына оралған ол етікшілік кәсіпті қолына алады. Қандасымыз бүгінгі күні отандық өнім шығаратын «Арлан» жеке кәсіпкерлік орталығын ашып, ұлттық нақыштағы аяқ-киім түрлері мен әмиян, белбеу сияқты қолөнер бұйымдарын жасап, халық көздеріне жарар қызметтің ұршығын иіріп отыр. Өз қолынан шыққан аяқ киім үлгілері осы уақытқа дейін 12 000-нан аса тұтынушының көңілінен шығып, нарыққа енгеніне 10 жылдан асқан кәсіпкер Қазақстандағы алғашқы ұлттық аяқ киім бренді десек қателеспейміз.

Отанымызға оралған соң ел қатарлы жұмыс істеп жүрді. Отбасымызда атадан мирас боп келе жатқан ұсталық өнер бар болатын. Әкем тері илеп, етік тігетін. Тіпті, әкемнің нағашылары да бұл өнерден кенде емес. Сондықтан етікшілік әуелі қаннан, сосын тәрбиеден берілді деуге болатын шығар. Көз ашқалы бері осы саланың айналасында жүрмін. Уақыт өте келе, өзім де аяқ киім тіге бастадым. Бірде Әкемең қаласындағы шарада сол кездегі облыс әкімі Бердібек Сапарбаевпен кездесіп: «Аяқ киім тігетін едім.

Құжаттар жағынан толық ақпараттар ала алмаймыз. Соған жеке көмегіңізді сұраймын, көмектессіз бе?» дедім. Сөйтіп БҰҰ-ның Даму қорынан 1,5 млн теңге бір жылға пайызсыз қаражат алып берді. 2011 жылы Бердібек Сапарбаевтың қолдауымен шағын цех аштық. Осылайша отбасымызмен бірге жеке бизнесімізді бастап кеткен едік. 2014 жылы Астанаға көшіп, «Арлан» атты жеке кәсіпорын ашып, халықтың тапсырысын орындап жүрмін. Брендтеп, тауар таңдау белгісін заңдастырып алдық. Астанаға алғаш келгенде қоғам қайраткері Бекболат Тілеухан өз тарапынан қолдау білдіріп, ағалық қамқорлығын көрсетті. Кейде осындағы жігіттермен әңгімелесіп қалсаң, «Немен айналысасың?» деп сұрайды. «Аяқ киім тігемін» десем, «Е-е, Қытайдан келдің бе?» дейді. Біртүрлі болып қаламын. Қытайдан келгендердің бәрін тек қана аяқ киім тігеді деп ойлайтын сияқты. Білгенге, Қытайдан келген қандастардың қай-қайсысы да «Мен Отанымға не беремін?!» деген қағидамен өмір сүреді. Және де сол үшін тер төгіп жүр, – дейді Самғау Нәсіпханұлы.

Жақсы көретін ісін кәсіпке айналдырған етікшінің кәсіби ұстазы – әкесі осы салада 40 жыл еңбек еткен. «Абай атамыз 33-қара сөзінде: «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек қажет. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол», – дейді. Шыңдығында менің атанам аса дәулетті болмаса да, біраз малы бар еді. Бір жылдары ел ішін жайлаған мал ауруынан бүкіл жиғанымыз қырылып қалды, қалғаны екі бұзаулы сиыр.

Колледжді аяқтаған соң жоғары білім алуға мүмкіндігім болмады. Ата кәсіпке айналысамын дегенімде, қарсы болмай, қалған екі сиырды сатып, тігін машинасын алып берген әкем еді. Сөйтіп, отбасылық шағын шеберхана ашып, өнімдерімізді «Арлан» атауымен шығара бастадық.

Ұлттық нақышта әмиян, әйелдер сөмкесі, белдік, аяқ киімдер бәрін шығарып көрдік. Бірақ соның барлығы емес, бір ғана бағыты таңдап, бар мүмкіндікті соған жұмылдыру керек екендігін ұғындым. Содан қазір тек етік тігумен айналысамыз. Қазір бұрынғыдай сапата етік киетін ешкім жоқ. Әкем өз ісінің шебері. Ал шикізатқа келсек, көбінесе сиырдың терісін пайдаланамыз. Біз теріні Семей қаласынан және Жамбыл облысынан алдырамыз. Ал сапалы, өңделген дайын тері Қытай мен Түркиядан келеді», – дейді ол.

Самғау Нәсіпханұлы өнер адамдарына арнайы тапсырыспен ұлттық нақыштағы аяқ киімдер тіксе, өнші Димаш Құдайбергеге, боксшы Геннадий Головкинге өз қолынан шыққан аяқ киімді ұсыныпты. Мәселен, Төреғали Төреәлі, Досымжан Танақтаров сынды азаматтар да оның сапата етіктерін киіп жүр. Өнімнің бағасы түрліше, тапсырыс берушінің



қалауынша соған лайықты етіп жасалады. Халықтан 20-25 мыңның көлемінде тапсырыс түседі екен. Ал әмияндар тек тапсырыспен ғана жасалады. Аталған кәсіпті біраз жігіттер үйреніп, өзінің ауданы, жергілікті қалаларында жемісті жұмыс жүргізіп отыратынын жасыра алмаймыз. Инстаграм әлеуметтік желісінде кәсіпкер, аяқ киім тігу шеберінің жеке парақшасынан бөлек аяқ киім брендінің «Samgau senim» атты ресми парақшасы бар. Астанада ашылғанына қарамастан, тапсырыстар барлық қаланың тұрғынынан түсіп отырады.

21 000 оқырманы, тұрақты тұтынушысы бар брендтің жазғы коллекциясынан кроссовка, жаздық сандали, мокаси, туфли, лоферларға тапсырыс беруге болады. Сапа бар жерде, өнімнің құны да жоғары болмақ. Ал бәсекелестік сапаны қалыптастырады. Сондықтан Самғау Нәсіпханұлының қолөнермен ұштасқан кәсібі ел экономикасына жасалып жатқан оң қадам ғана емес, ұлттық брендті, ата-бабадан қалған етікшілік өнерді, отандық өнімді дамытудың алғышарты іспетті.

Дина БӨКЕБАЙ

МАҚСАТ – БАЮ БОЛМАУ КЕРЕК

JULDYZ – JORAMAL

(9 – 17 шілде)



Тоқты

Жеке өміріңізге қатысты әлдебір мәселені шешуге тура келеді. Сейсенбі күні сапар сәтті болмақ. Жинап жүрген ақшаңызды жаратпаңыз. Жұмада ешкімге сыр ашпаңыз. Демалыс күндері үй шаруаларымен айналысыңыз.

Торпақ

Жұмысыңыз азады. Бұл онша жақсы емес, себебі ақшадан тарсылық көре бастайсыз. Сәрсенбіден бастап бәрі реттеледі. Балаларды бір сәтке назардан тыс қалдырмаңыз. Біреумен ұрысып қалсаңыз, көшіріп сұрауға асықпаңыз.

Егіздер

Біраз күн бұрын қолға алған жобаның табыс әкеле бастайды. Бейсенбі күні кез-келген құжатқа қол қойып, келісімдер жасауға болады. Отбасында біраз түсінбеушіліктер болуы мүмкін. Демалыста спортпен айналысқаныңыз жөн.

Шаян

Жақын адамыңыз үшін жиі уайымдайсыз. Оны жайына жіберіңіз, өркім өз тағдыры үшін өзі жауапты. Достармен басқосуды сейсенбіге белгілеңіз. Өзірге жаңа іс бастамағаныңыз дұрыс. Демалыста көп шаруа тындырасыз.



Арыстан

Өміріңізді өзгертеміз деп, қате қадам жасауыңыз мүмкін. Өсіресе, ақшаға келгенде ешкімге сенбеңіз. Дау-дамайдан қорықпаңыз. Тек солай ғана сіз өз дегеніңізге жетесіз. Романтикалық кездесу бар шаршауыңызды басады.



Бикеш

Жаңа танысыңыз сезімнің иіріміне терең батырып жіберуі мүмкін. Бұл ұзақ та бақытты қарым-қатынастың басы болуы ғажап емес. Жұмыс іздегендердің де жолы болмақ. Демалыс күндері үйден шықпай, ұйқыңызды қандырыңыз.



Таразы

Ештеңеге алаңдамай, мақсатқа ұмтыласың. Себебі, қаржылық қолдау тауып, сәттілікті серік етер күн жақын. Сейсенбі күні кездесу елесті нәтиже береді. Отбасында бір қуаныш болмақ. Жеке өміріңізде мамырағам күндер орнайды.



Сарышаян

Жеке өміріңізде де, жұмыста да бір орында тұрып қалғаныңызды байқап, жаңа сатыға аяқ басуға ұмтыласыз. Сәрсенбі күні ұсақ қиындықтарға назар аудармаңыз. Бейсенбі күні қолырау барлық жоспарыңызды өзгертуі мүмкін.



Мерген

Барлық жағынан сәтті апта. Сіздің қызметіңізге сұраныс артып, беделіңіз де, табысыңыз да өсе түседі. Сейсенбі күні таныстық табысты серіктестікке ұласады. Демалыс күндері дау туындап, ешбір кінәсіз айыпталуыңыз мүмкін.



Тауешкі

Соңғы кездері өзгенен бұрын өзіңізді көбірек ойлайтын болып жүрсіз. Бұл балаларыңызға кері әсерін тигізуі мүмкін. Қызметте есу мүмкіндігі бар. Тек қаржылық жағдайыңыз өзірге жақсара қоймайды, ақшадан тарығу қаупі бар.



Сұқұйғыш

Апта бойы өзіңізге қатысы жоқ шаруаларға араласпай, тыныш жүріңіз. Өйтпесе, кінәсіз кінәлі болып қаласыз. Жақын адамыңыз үшін уайымдайсыз. Бұл қиындықтың шешімі жұма күні ойлағандар жерден табыла кетеді.



Балық

Бұл аптада асықпаңыз, сонда көп нәрсе тындырасыз. Асықтырғандарға мән бермеңіз. Сәрсенбіде әрі қалағаныңызды сатып аласыз, әрі жақсы демаласыз. Жұма күні жарыңызбен ұрыспаңыз. Демалыста көп қонақ күтуге тура келеді.

Көзкешік редактор: Д.БӨКЕБАЙ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мелдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 17242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 7139
Тапсырыс: 1116